

М.Х.Дулата атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті

# Физиология ғылымына үлес қосқан ғалымдар

Орындаған:Ибраким Аяжан  
Қабылдаған:Баубекова Айжан

---

Физиологияның дамуына әр елдің ғалымдары зерттеулер жүргізіп, үлкен үлес қосқан. Өте ертеден-ақ әр түрлі тәжірибелер жасау арқылы адам ағзасының құрылысы мен қызметін терең зерттеп білген.

*Гиппократ* (б. з. б. шамамен 460–377) – көне Грецияда медицина саласын жан-жақты зерттеген ғалым. Адам денесінің құрылысына көптеген бақылаулар жасап, оны жинақтап, бір жүйеге келтірген. Әсіресе адамның ми сауытын және оның жалпақ сүйектерінің бір-бірімен жіктер арқылы байланысатындығын толық сипаттаған.



*Клавдий Гален* –анатом және физиолог ғалым. Өзінің оқыған дәрістерінде маймылдың мәйітін алғаш рет қолданған. Себебі ол кезде адам мәйітімен жұмыс істеуге рұқсат етілмеген. Мидан тарайтын 12 жұп жүйкенің 7 жұбын толық сипаттап берген. Дәнекер ұлпасы, бұлшықеттер, жүйке тамырлары, бауыр мен бүйрек қантамырларын зерттеген.



*Әбу Насыр әл-Фараби* – ойшыл, кемеңгер философ. Ертеде және орта ғасырда философиялық және медициналық білім бір-бірімен тығыз байланысты болған. Ол «Медицинаның міндеті – тек адам ауруларының себептерін анықтап қоймай, адамның денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою жағын да зерттейді» – деп көрсеткен



Тәжік дәрігері әрі  
философы *Әбу Әли ибн  
Синаның* «Анатомия мен  
физиологияға кіріспе»,  
«Дәрігерлік ғылымның  
ережелері» («Канон  
врачебной науки»)  
еңбектері өте құнды.



*Уильям Гарвей* – ағылшын  
дәрігері, анатом.

Қанайналымның тұйық  
екендігін алғаш рет дұрыс  
түсіндірген. Үлкен  
қанайналым шеңберінің  
болатынын ашқан.

**Ол физиология ғылымының  
негізін салушы ғалым.**



---

***Иван Михайлович***

***Сеченовты*** физиологияның атасы деп санайды. Қанда еріген газды алғаш рет зерттеген ғалым. Орталық жүйке жүйесіндегі тежелу процесін ашқан. 1863 жылы «Ми рефлекстері» еңбегін жарыққа шығарды.






---

Атақты ғалым-биолог,  
Нобель сыйлығының  
лауреаты *Илья Ильич*  
*Мечников* лейкоциттердің  
(қан жасушасы) бөгде  
заттарды сіңіріп  
қорытуын *фагоцитоз* деп  
атады. Қанның лейкоцит  
жасушаларының қызметін  
жан-жақты зерттеген ғалым.




---

*Иван Петрович  
Павлов* физиологияның  
дамуына үлкен үлес қосқан  
ғалым. Адам мен  
жануарлардың жоғары  
жүйке жүйесінің қызметін,  
қанайналымының реттелуін  
зерттеген.



---

*Халел Досмұхамедов –  
ұрпағының болашағы үшін  
күрескен қазақтың біртуар  
ұлы. Аз жасаса да, артына  
біршама еңбек жазып  
қалдырып үлгерген ғалым.*



---

Назарларыңызға рахмет!